**Мектеп кітапханасының 2023-2024 жылдарға арналған жылдық есебі.**

Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істеді.

Мектеп кітапханасының негізгі міндеттері:

-оқушылар мен педагогтарға кітапханалық ақпараттық библиографиялық қызмет көрсету арқылы оқу-тәрбие процесін және өзін-өзі тәрбиелеулі қамтамасыз ету;

- оқушыларда ақпараттық мәдениет пен оқу мәдениетін қалыптастыру, оқуға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Биылғы оқу жылында мектеп кітапханасы орталық аудандық кітапханамен, кітапханашы Г. Д. Оспановамен тұрақты жұмыс істеді.

Абай күніне орай бейнеролик дайындалды.

О.Әбілтұлының 90 жылдығына орай "Тарихты таны" сияқты іс-шаралар өткізілді. Ауданымыздың бірінші басшысы Қ. Шабатов, Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына, композитор Құттума Өтемісұлының 195 жылдығына орай жоспар сай шаралар өтті.

Б. Майлиннің 125 жылдығы, Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай "Бір ел-бір кітап" акциясы , М.Мәметоваға арналған" Қазақтың қаһарман қызы" іс-шаралары ұйымдастырылды.

Г. К. Бельгердің 90 жылдығына орай "Мен қазақ тілінің көркемдігіне тамасанамын"атты іс-шара өткізілді.

Мектеп оқушылары жылдың айтулы күндерін білуі үшін "Атаулы тұлғалар, атаулы күндер" стендін жасап, кітаптардың барлық мерекелеріне іс-шаралар, көрмелер мен бейнероликтер өткізілді.

Кітапханада өткізілген іс-шаралар туралы фотоальбом бар. « Құстар күні», «Жер күні», «ҚР Ғылым күні»,«Қазақстан халықтарының бірлігі күні» сияқты мерекелерге көрме жасалып, оқушылармен мерекелер туралы әңгіме өтті.

0-4 сыныптардан бастап «Кітапта қонақта», 5-7 сыныптардан бастап «Кітапхана-кітаптардың тұратын үйі» сияқты кітапхана іс-шаралары өткізілді.

Жаңа көркем әдебиеттің келуімен "Жаңа кітаптар" кітап көрмесі және "Бізге жаңа кітаптар келді" бейнеролигі жасалды.

Барлық мерекелерге "Жүрекке мейірімін оятып", "Рухани келісім-бірлікпен тұрақтылық кепілі", "Қазақстан-туған жерім, туған елім". "Соғыс туралы қалам тартқан жазушылар", « 1 желтоқсан - ЖКТБ-ға күресі күні» және басқа да көптеген көрмелер ұйымдастырылды .

Қазақстанның Тәуелсіздік күніне орай мектеп оқушыларының қатысуымен іс-шаралар өткізілді, мерекеге арналған көрме және бейнеролик жасалды. Республика күніне орай «Қазақстан-туған елім,туған жерім» көрмесі,сондай-ақ бейнеролик жасалды.

Күшейтілген жұмыс бастауыш сыныптармен "Оқу құштар мектебі" жобасы бойынша жүргізілді. Осы 2023-2024 оқу жылында мұғалім О.Т. Омаровамен бірге 2"А" сыныбы көшбасшы болды, балалар жаңадан келген көркем әдебиеттермен танысты.Жиі "Балдырған" және "Ертегілер әлемі" журналдарын оқыды.

"Бір ел-бір кітап"акциясы бойынша бесінші сыныптармен қызықты іс-шаралар өткізілді. Балалар Б.Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" кітабы бойынша пікірталастарға белсенді қатысты, сондай-ақ Б. Соқпақбаевтың "Мен атым Қожа" шығармасы аясында кино–кітап іс-шарасы өтті, онда балаларға фильм және осы фильмнің актерлері туралы ақпарат берілді.

Оқу залында жыл бойы «Тіл тұмар-бір шынар» тақырыбында көрме жұмыс істеді. Мектеп оқушыларымен кітапханаға экскурсиялар жүргізілді.

Нан күніне орай кітапханашы мектеп-интернат оқушыларымен аудандық наубайханаға экскурсия өткізді.

Мектеп есімімен аталатын А.Төлеубиевтың 100 жылдығына орай әр түрлі іс-шараларға және рәсімдеуге белсенді қатысты.

Кітапханашылар: Попсёмова С.В.

Рысбаева М.У.